



YESSENOV
UNIVERSITY

Зерттеу кеңестің шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

31.03.2021 күнгі № 5 хаттама

**«SMALL GRANTS PROJECTS» ЖОБАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
МАҚСАТЫНДАҒЫ ГРАНТТАР БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

АҚТАУ 2021

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
3	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
4	БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	4
5	БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ	5
6	БАЙҚАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖАСАУ ТӘРТІБІ	6
7	КЕЛІСІМ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ	6
8	МОНИТОРИНГ	6
9	ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІ	7
10	ҚОСЫМШАЛАР	8

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

«SMALL GRANTS PROJECTS» жобаларын жүзеге асыру мақсатындағы гранттар байқауы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) әр мамандық аясында серіктес шетелдік ЖОО-лармен бірлесе отырып білім беру қызметтерін импорт-экспорттауға бағытталған және аймақтың даму жоспарындағы жоғары басымдықтарға ие бағыттарға негізделген жобаларға қолдау көрсету мақсатында жасақталған.

Бұл Ереже Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің ұйымдастыру-өкімдік құжаттамасы болып табылады және Қазақстан Республикасының келесі заң актілерінің талаптарына сәйкес келеді:

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (27.07.2007; 07.07.2020 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

– Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызмет туралы» Заңы (03.07.2002; 20.12.2004 енгізілген өзгерістерімен);

– Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы (28.10.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

– ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (09.12.2020)

– «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ-ң Жарғысы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 04.06.2020 жылғы №11933-1943 бұйрығымен бекітілген).

2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Есенов университеті	– «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КеАҚ
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ЖОО	– Жоғары оқу орны
PhD	– Философия докторы
ПОҚ	– Профессор-оқытушы құрам

Байқау комиссиясы – Қор грант алушыны іріктеу мақсатында құрамы университет өкілдерінен тұратын, кемінде 5 (бес) адамнан құралған, Өтінім берушілердің Өтінімдеріне және Байқау қатысушыларының жоба жоспарына баға берумен және іріктеумен айналысатын, бекітілген сараптама тобы; комиссия құрамына зерттеу кеңесінің мүшелері енеді және оған мамандық бойынша басқа ғалымдар тартылуы мүмкін.

Байқау комиссиясының хатшысы – Байқауды ұйымдастырушылардың өкілі, зерттеу кеңесінің хатшысы. Өтінімдерді жинаумен айналысады және байқау комиссиясы мүшелерінің жұмысын реттейді, сонымен қатар өтінімдерді іріктеу мен байқау қатысушыларының жоба-жоспарларының қорытынды хаттамаларын толтырады.

Жоба – әр мамандық аясында серіктестікті нығайту бағытындағы немесе аймақтың даму жоспарындағы жоғары басымдықтың ие бағыттарға негізделген ғылыми туынды.

Грант – Жобаны іске асыру үшін берілетін ақшалай қаражат.

Грант алушы – Байқаудың барлық кезеңдерінен өткен және байқау комиссиясының шешіміне сәйкес грант алған үміткер.

Өтінім – үміткердің байқауға қатысу үшін осы ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес ұсынатын құжаттар жиынтығы.

Үміткер – байқауға қатысу үшін өтінім беретін және өзінің жоба жоспарын ұсынатын кез-келген қаржыландырылатын идеяны жүзеге асыруға бірлесіп әрекет ететін университетте жұмыс жасайтын ПОҚ/қызметкер немесе ПОҚ/қызметкерлер тобы.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Осы Ереже «Small Grants Projects» жобаларын байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін, грантты беру және грант алған жобаларды қадағалау тәртібін анықтайды.

3.2 Жоба мақсаты – әр мамандық аясында серіктес шетелдік ЖОО-лармен бірлесе отырып білім беру қызметтерін импорт-экспорттауға бағытталған және аймақтың даму жоспарындағы жоғары басымдықтырға ие бағыттарға негізделген жобаларға қолдау көрсету.

3.3 Жобаның міндеттері :

- әр мамандық аясында серіктестікті нығайту бағытындағы жобаларды іске асыру;
- аймақтың даму жоспарындағы жоғары басымдықтырға ие бағыттарға негізделген жобаларды іске асыру.

3.4 Байқаудың кезеңдері:

- 1) өтініштерді беру кезеңі (әр оқу жылының 1 қыркүйегінен 30 қазанға дейін);
- 2) іріктеу кезеңі (30 қазаннан бастап);
- 3) финалдық кезең (шешім 20 желтоқсанға дейін шығады).

3.5 Грант сомасы: Жобаны жүзеге асыруда күтілетін нәтижеге байланысты 500 000 теңгеден бастап – 3 000 000 теңгеге дейін.

3.6 Жобаның жүзеге асырылу мерзімі: Келісім-шартқа қол қойған күннен бастап 1 жыл.

3.7 Шартты бұзу немесе келесі грантты тоқтату үшін негіздер:

- Грант алушының кез-келген сипаттағы дәйексіз мәліметтер беруі;
- Бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалануы;
- Есептерді уақытылы ұсынбау;
- Жобаның жүзеге асырылып жатқандығы туралы байқау тобы сұратқан қажетті мәліметтерді немесе құжаттарды беруден бас тарту.

3.8 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және басқасы қабылданғанға дейін әрекет етеді.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Байқаудың конкурстық өтінімін (шетелдік қатынастарды дамыту мақсатында халықаралық бөліммен келісілген) жоба жетекшісі немесе жоба орындаушылары ғылым бөліміне өтініштерді беру кезеңінің аяқталу мерзіміне дейін тапсыруы қажет (Қосымша 1). Өтінім үлгісі университеттің ақпараттық ресурстарына қойылады.

4.2 Қажет болған жағдайда, байқау комиссия тарапынан өтінім берушіден байқауға қатысы бар қосымша ақпараттар сұралынады.

4.3 Конкурсқа қатысуға өтінім бере отырып, жоба қатысушылары өздерінің жеке мәліметтерін (аты-жөні, оқу орны, телефоны, электрондық поштасы, мекен-жайы) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Yessenov University-тінде конкурсты өткізу және есеп жүргізу үшін қолдануға келіседі.

4.4 Іріктеу кезеңінде өтінім қабылдануы 30 жұмыс күн ішінде ғылыми-техникалық кеңес отырысында қарастырылады.

4.5 Іріктеу кезеңінде байқау үміткерлері өздерінің жобалары бойынша презентация дайындайды. Презентация PowerPoint (10 слайдтан артық емес) пішімінде әзірленіп, келесі ақпараттан тұруы қажет:

- жоба атауы;
- жобаның маңыздылығы;
- таңдалған бағыт бойынша жүйелік талдау;
- іс-шаралар жоспары;
- қаржыландыру қажеттілігі мен көлемі;
- өтелімділік мерзімі/табыстылығы;

– коммерцияландыру перспективасы.

4.6 Финалдық кезеңге қатысу үшін ғылыми-техникалық кеңес отырысында оң баға алған үміткерлер жоба бойынша дайындалған презентацияларына негізделген баяндамасын қорғауымен өткізіледі (бір баяндамаға 30 минуттан көп емес).

4.7 Үміткерлердің қорғауға бойынша арнайы құрылған байқау комиссиясы грант алушыларды іріктейді.

4.8 Байқау комиссиясының үміткерлердің жобаларын іріктеу бойынша қабылдаған шешімін байқау комиссиясының хатшысы хаттамамен рәсімдейді.

4.9 Байқау нәтижелері бойынша грант алушылар тізімін байқау комиссиясының шешімі қабылданған күннен кейін 2 жұмыс күн ішінде хабарлайды.

5. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

5.1 Байқауға ҚР азаматы болып табылатын университеттің кез-келген ПОҚ/қызметкері жобалық топ ретінде қатысуға құқылы. Жобалық топ байқаудың бір қатысушысы ретінде қарастырылады.

5.2 Жобаның ғылыми жетекшісі келесі біліктілік талаптарға сәйкес келуі керек:

– Ғылыми дәрежесі болуы (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі);

– Жоба жетекшісінің ғылыми зерттеулерінің саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмысының тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі.

– Жоба жетекшісінің соңғы 5 (бес) жылда Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық дерекқорларында индекстелген, нөлдік емес импакт-факторы бар шетелдік ғылыми басылымдарда рецензияланған кемінде 1 (бір) жарияланым және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда кемінде 3 (үш) жарияланымның болуы тиіс.

5.3 Өтінім беруші байқауды өткізу шарттарымен және мерзімімен университет интернет сайтынан біле алады.

5.4 Байқаудың конкурстық өтінімі (Қосымша 1) шетелдік қатынастарды дамыту мақсатында халықаралық офиспен келісілген өтінімді жоба жетекшісі немесе жоба орындаушылары ғылым және зерттеу басқармасына өтініштерді беру кезеңінің аяқталу мерзіміне дейін тапсыруы қажет.

5.4 Конкурсқа қатысуға өтінім бере отырып, жоба қатысушылары өздерінің жеке мәліметтерін (аты-жөні, оқу орны, телефоны, электрондық поштасы, мекен-жайы) ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес университет конкурсты өткізу және есеп жүргізу үшін қолдануға келіседі.

5.5 Байқаудың өту мерзімі ұзартылғанда немесе өзге өзгерістер енгізілгенде, байқау комиссиясы қосымша ақпараттарды немесе жаңа шарттарды жариялайды.

5.6 Өтінімгердің тарапынан байқауға қатысу ақысыз негізде жүзеге асырылады.

5.7 Грант алушы Байқау комиссиясы шешімі бойынша анықталады.

5.8 Ғылыми жобаларды орындау кезінде ғылыми нәтижелер ретінде келесілер саналады:

– ғылыми жарияланымдар, нұсқаулықтар, монографиялар, авторлық құжаттар (патенттер, авторлық куәліктер және т.б.), халықаралық конференциялардағы баяндамалар, нәтижелерді коммерциализациялау.

– бекітілген оқу жоспары, енгізілген технология, жұмыс оқу бағдарламалары, жол карталары, оқыту әдістерін тіркеу туралы куәлік және т.б.

5.9 Грант қаражаты күнтізбелік жыл ішінде 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

5.10 Грант қаражатын оның иесі ғылыми зерттеулер жүргізу үшін, оның ішінде ғылыми жетекшінің, орындаушылардың жалақысы және студенттердің стипендиясы, жол жүру шығындарын төлеу, ғылыми-техникалық іс-шараларға (конференциялар, семинарлар

және т.б.) қатысу үшін ұйымдастыру жарналарын төлеу, зерттеу нәтижелерін тіркеу (қорғау құжаттары), материалдар, реактивтер, жабдықтар және т.б. үшін пайдалануы керек.

5.11 Грант иегерлерінің ғылыми басылымдарда толық мәтінді мақалаларын жариялау кезінде бұл зерттеу Есенов университеті қаржыландырған жоба аясында жүргізілгенін көрсету керек.

5.12 Орындаушылар жобаны орындау барысында әртүрлі конференцияларда бір есепті бірнеше рет ұсынуына болмайды.

6. БАЙҚАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖАСАУ ТӘРТІБІ

6.1 Байқау комиссия мүшелері Есенов университеті президент-ректорының немесе зерттеу және даму вице-президентінің төрағалығымен кем дегенде 7 (жеті) ПОК/қызметкерлерден құралады және арнайы бұйрықпен бекітіледі. Президент-ректор Байқау комиссияның мүшелері қылып Зерттеу кеңесі мүшелерін ауыстыра алады.

6.2 Байқау комиссиясы осы ережеде жазылған байқау талаптары мен ережелерін орындауға міндеттеледі.

6.3 Байқау комиссиясы байқаудың келесі өлшемшарттарына сәйкес Үміткерлерді іріктеу бойынша әділ шешім қабылдауға міндеттеледі:

- жобаның маңыздылығы;
- таңдалған бағыт бойынша жүйелік талдау;
- жобаны жүзеге асыру кезеңдерінің жоспары;
- коммерцияландыру перспективасы;
- қаржыландыру қажеттілігі мен көлемі;
- өтелімділік мерзімі және табыстылығы.

6.4 Байқау комиссиясы қаралып отырған жоба бойынша ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Комиссия мүшелерінің дауыс беру саны бірдей болған жағдайда немесе даулы жағдайларда Байқау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.5 Байқау комиссиясы отырысының нәтижелері бойынша хатшы барлық байқау комиссия мүшелері қолы қойылған конкурстық жобаның орташа бағасын көрсететін хаттама жасайды, ол әр бағалау өлшемшарты бойынша барлық комиссия мүшелері берген баллдардан есептеледі.

7. КЕЛІСІМ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

7.1 Университет Байқау комиссиясының шешімі негізінде шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде грант алушымен келісімшарт дайындайды және жасасады.

7.2 Байқау комиссиясының ұстаныстарына сәйкес грант алушы жобасының кезеңдерін, іске асыру механизмін және/немесе шығыстар сметасын өзектендіру қажет болған жағдайда шартты дайындау мерзімі ұзартылуы мүмкін. Бірақ, университет пен грант алушы арасындағы келісім шарт жасасудың жалпы мерзімі байқау Комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

8. МОНИТОРИНГ

8.1 Университет грант алушының жобасының мониторингін есеп беруді және тиісті құжаттарды тексеру, жобаның іске асырылуын бақылау, жоба шеңберіндегі іс-шараларға қатысу, жобаны іске асыру бойынша кеңестер беру және басқа да әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырады.

8.2 Университет жобаның мониторингін іске асырылу орнына барып көруге құқылы.

8.3 Грант алушының грант қаражатын мақсатсыз пайдаланған жағдайда университет келісім шарттың талаптарына сәйкес грант алушыға мақсатсыз пайдаланылған соманы қайтару туралы талап жібереді.

9. ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІ

9.1 Жоба жетекшісі зерттеуді бақылау үшін тағайындалған Бақылау комиссиясының отырысында есепті кезең үшін алынған нәтижелер туралы жылдық қорытынды есептерді ұсынуға міндетті.

9.2 Бақылау комиссиясы келесі жағдайларда қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы:

- ПОҚ/қызметкерлер қойылған міндеттерді дәлелді себепсіз уақтылы орындамауы;
- Ғылыми зерттеуге бөлінген қаражаттың негізсіз жұмсалуды;

9.3 Грант аяқталғаннан кейін ғылыми жоба жетекшісі ғылым және зерттеу басқармасына келесі құжаттар бар қорытынды есеп ұсынады:

- Бекітілген ережеге сәйкес есеп (қосымша 2);
- Жобаны іске асыру туралы Бақылау комиссиясының шешімінен үзінді;
- Мақалалардың жарыққа шыққанын растайтын құжаттар (Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар және/немесе Web of Science немесе Scopus мәліметтер базасында индекстелген журналдар және басқалар).

9.4 Зерттеу кестесіне сәйкес тапсырмалар орындалмаған жағдайда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда және/немесе Web of Science немесе Scopus мәліметтер базасында индекстелген журналдарда толық мәтінді мақалалар мен тезистер түрінде жарияланған нәтижелерге қол жеткізілмеген жағдайда, ПОҚ/қызметкерлер гранттық конкурсқа келесі 5 жылға дейін қайта қатысуға рұқсат етілмейді.

ӨТІНІМ

1. Жалпы ақпарат

1.1 Жоба тақырыбының атауы.

1.2 Жобаның басталуы және аяқталуы туралы болжанған мерзімі.

1.3 Гранттық қаржыландыру бойынша сұралатын жалпы сома (жалпы жобаны жүзеге асыру барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).

2. Жоба сипаттамасы

2.1 Кіріспе бөлім [100 сөзден аспауы тиіс]

Бұл бөлімде жобаға басты қатысушылар (жобаның ғылыми жетекшісі), олардың ғылыми мүдделерінің бағыты, жоба идеясының қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (оның бағытталған проблемалары және оның шешу жолдары).

2.2 Жобаның мақсаты [100 сөзден аспауы тиіс]

Жобаның мақсаты жинақы және нақты, Жоба тақырыбына сәйкес келуі керек (Жобаның мақсаттары жобаны іске асыру нәтижесінде алынатын шешімнің сипатын көрсетуге қол жеткізуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуі тиіс).

2.3 Жобаның міндеттері [500 сөзден аспауы тиіс].

Бұл бөлімінде жобаның мақсаты және оған жету жолдары, жоба мақсатына жету әдістері, оларды жүзеге асырудағы қысқаша түсіндірмесімен қойылған міндеттер және күтілетін нәтиже сипатталады (міндеттер міндетті шешудің өлшенетін көрсеткіштерімен; жобаның мақсатына қол жеткізудегі әрбір міндеттердің рөлінің қысқаша негіздемесімен және жобаның басқа да міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен өзара байланысы; өтінім берушінің пікірі бойынша басқа да маңызды параметрлермен).

2.4 Жобаның маңыздылығы мен ғылыми жаңалығы [2000 сөзден аспауы тиіс].

Бөлім келесідей ақпараттарды қамтиды:

1) жобаны дайындаудың алғы шарттары, зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты дүниежүзінде (және Қазақстан Республикасында) осы күнге дейін болған ғылыми зерттеулерге міндетті түрде шолу жасалынған ғылыми жаңалықтың негіздемесі және осы Жобамен өзара байланысы (мәтінде қолданылған әдебиеттерге міндетті түрде сілтеме жасалуы, олардың мағынасын 8 «Библиография» бөлімінде толық ашып көрсетілуі тиіс). Бар болған жағдайда алдын-ала алынған нәтижелер көрсетіледі;

2) жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы (оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы);

3) мәлімделген зерттеудің (ғылыми бағдарламалар үшін) маңыздылығы мен қажеттілігін негіздеу үшін білімнің сәйкес салаларының трендері кіретін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (қажет болған жағдайда әлеуметтік сұраныс және экономикалық және индустриалды қызығушылықты қосу);

4) алынған нәтижелердің ғылым мен технологияның дамуына әсері және күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсері (ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне; күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар).

5) зерттеулердің пәнаралық ерекшелігін көрсету (болған жағдайда).

Осы бөлімді сипаттау кезінде келесі ұстанымдарға назар аудару қажет:

1) Жоба идеясының қолданыстағы аналогтардан принципиалды айырмашылықтарын сипаттау қажет;

2) егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі Қазақстанда жоқ, бірақ әлемде бар болатын болса, онда Жобаның нәліктен қаржыландырылуы тиіс екендігін негіздеу қажет;

3) егер Жобаның нәтижесі өнім болса, онда Жобаның пәндік саласында отандық және шетелдік өндірушілердің табыстары туралы мәлімет келтіре отырып, қазіргі кездегі қалыптасқан техниканың деңгейін жазу қажет;

4) ғылыми-техникалық жобалар үшін Жобаның негізіне алынған зерттеу және бәсекелес және/немесе балама технологиялар бойынша құрастырулар саласында көшбасшы топтарды көрсету қажет.

5) егер жоба өтініш беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса, онда жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылығын нақты және қысқа баяндау қажет.

3. Зерттеу әдістері және этикалық сұрақтар [1500 сөзден аспауы тиіс]

Бөлім келесідей ақпараттарды қамтиды:

1) жобада таңдалған көзқарас, қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі ретінде пайдаланылатын ғылыми әдістерді сипаттау (жобада қолданылатын зерттеу түрлері - сипаттау, корреляциялық және/немесе эксперименталдық. Зерттеу жүргізу реті);

2) критикалық нүктелері, жобаны жүзеге асырудың баламалы жолдары (өтінімде ұсынылғандармен салыстырғанда олардың артықшылықтары мен кемшіліктері).

3) Жоба аясында ғылыми этиканың қағидаларын сақтау қамтамасыз етілуі тиіс, яғни басқарудың этикалық процедуралары, соның ішінде зияткерлік адалдықтың жоғары стандарттарын ұстану және ғылыми мәліметтердің бұрмалануына плагиат және жалған қос авторлықтың болуына әкеліп соғатын ғылыми мәліметтердің фабрикациялануына, фальсификациялануына, ұжымдық зерттеуге басқа қатысушылардың рұқсатынсыз зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер мен тұжырымдарды пайдалануға жол бермеу;

4) адамдар мен жануарлардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулердің механизмін және бөлшектік тәртібін, жоспарланған зерттеулердің Қазақстан Республикасы заңнамаларына (және этикалық нормаларға) сәйкестігін сипаттау;

5) зерттеу нәтижесіне зияткерлік меншік құқығын бөлу және ресімдеу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қай тәсілі таңдалатындығын көрсету қажет, таңдауын негіздеу).

4. Жоспарлау және жобаны басқару [1500 сөзден аспауы тиіс]

Бөлім келесідей ақпараттарды қамтиды:

1) зерттеу тобының құрамын, олардың ұстанымын, біліктілігін және жобадағы жұмыс бағыттарын сипаттау;

2) жоба кезеңдерін, қойылған міндеттерді, олардың негізделген маңызы, күнтізбелік жұмыс жоспары (қойылған міндеттер*уақыт (ай бойынша)).

Күнтізбелік жоспардың үлгісі

№	Жоба міндеттерін жүзеге асыру бойынша тапсырмалар, шаралар атауы	Ұзақтығы (ай бойынша)	Жұмыстың басталу мерзімі (күн/ай)	Жобаны жүзеге асыру айлары, жобаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер (тапсырмалар мен іс-шаралар)		
				1-4 айлар 2020	5-8 айлар 2020	9-12 айлар 2020
1	Тапсырмалар атауы			күтілетін нәтижелер		
1.1	Іс-шаралар атауы			күтілетін нәтижелер		
1.2	Іс-шаралар атауы			күтілетін нәтижелер		
2	Іс-шаралар атауы				күтілетін нәтижелер	
2.1	Іс-шаралар атауы				күтілетін нәтижелер	
2.2	Іс-шаралар атауы				күтілетін нәтижелер	
3	Іс-шаралар атауы					күтілетін нәтижелер
3.1	Іс-шаралар атауы					күтілетін нәтижелер
3.2	Іс-шаралар атауы					күтілетін нәтижелер

Ескерту * – күнтізбелік жоспарда мереке күндері көрсетілмейді

5. Зерттеу тобы [1000 сөзден аспауы тиіс]

Бөлім ғылыми жетекші және негізгі орындаушылар (бірлесіп орындаушылар) туралы келесі ақпаратты қамтиды:

1) түйіндеме және ғылыми еңбек (зерттеушінің қысқаша түйіндемесі беріледі және мәлімделген зерттеудің бұрын өткізілген ғылыми зерттеулермен қаншалықты байланысты екендігі сипатталады);

2) ғылыми жетекшінің жоба тақырыбына қатысты негізгі жарияланымдары туралы мәліметтер; қолдағы патенттер туралы мәліметтер;

3) зерттеу тобының жоба тақырыбына қатысты негізгі жарияланымдары (онға дейін), патенттер, авторлық куәліктер;

6. Зерттеу ортасы [500 сөзден аспауы тиіс]

Бөлім келесі ақпаратты қамтиды:

1) зерттеу жүргізу үшін қажетті өтініш берушінің қолда бар материалдық-техникалық базасының сипаттамасы; (жабдықтар, аспаптар, инвентарь, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т. б.), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу үшін дағдылары бар зерттеу тобының мүшелерін көрсете отырып, жобаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын жабдық (жабдық, аспаптар, мүкәммал, көлік, ғимараттар, құрылыстар және т.б.

2) негізгі отандық және халықаралық байланыстар, шетелдік ғалымдардың жобаға қатысуы (олардың қысқаша түйіндемесін, жобаның бағытына сәйкес келетін бағыттағы

негізгі ғылыми жарияланымдары мен жетістіктерін және жобаның мақсатына, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлін көрсете отырып;

3) ұтқырлықты негіздеу: жобаны іске асыру үшін басқа жерде жұмыс кезеңдері мен қатысу әсері (ғылыми іссапарлар және олардың жобаны іске асыруға әсері, әріптес ұйымдар базасында жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және оның жобаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқа көрсетіледі

7. Күтілетін нәтижелер [250 сөзден аспауы тиіс]

Бөлімде келесі ақпарат көрсетілген:

1) шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымның басылуы (жоба шеңберінде жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелерінің жариялануын болжау); шетелдік баспаларда кітап/кітаптың тарауы ретінде жариялануын жоспарлау;

2) Қазақстандық баспаларда кітап/кітаптың тарауы ретінде жариялануын жоспарлау; монография түрінде жариялануын жоспарлау;

3) шетелдік патенттік бюродан жоспарланған нәтижелердің патентке қабілеттілігін бағалау (еуропалық, америкалық, жапондық), басқа да қорғау құжаттары алу; зияткерлік меншік нысаны бойынша лицензиялық келісім қорытындысы болатын жоспарланған нәтижелердің, патентке қабілеттілігі (қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюрода), басқа да қорғау құжаттарын алудың мүмкіндігі;

4) алынған ғылыми нәтижелердің қолданбалылығы және/коммерциялануы;

5) алынған ғылыми нәтижелердің, оның ішінде субъектілік құрам бойынша мақсатты тұтынушылары;

6) жұмыс нәтижесін әлеуетті пайдаланушылар, ғылыми қауымдастық және қоғам арасында тарату.

8. Библиография

Бөлімде жарияланымдар, «Жобаны сипаттау» бөлімінде келтірілген сілтемелер, «Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы» 2-тармақта көрсетілген.

Әр жарияланымда журналдың толық атауы, басып шығарылған номері, шыққан жылы, беті, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының аттары.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАНЫҢ ЕСЕБІ

1. Титул парағы (ГОСТ 7.32-2001 сәйкес «Зерттеу жұмыстары туралы есеп»).
2. Орындаушылар тізімі және олардың қолдары
3. Реферат (түйінді сөздер, қысқаша реферат (мақсат, міндеттер, материалдар мен әдістер, нәтижелер)
4. Мазмұны
5. Кіріспе.
Кіріспеде шешіліп жатқан мәселенің қазіргі жай-күйі, тақырыпты әзірлеудің негізі мен бастапқы деректері, зерттеу қажеттілігінің негіздемесі болуы керек. Әдебиеттерді шолуда тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, осы жұмыстың басқа ғылыми еңбектермен байланысы көрсетілуі керек.
Негізгі бөлім.
Жүргізілген және жасалған шығармашылық немесе тәжірибелік зерттеулер туралы есеп болуы шарт;
Зерттеу нәтижелерін жалпылау және бағалау, оның ішінде жұмыстың одан әрі бағыттары бойынша қойылған міндеттер мен ұсыныстардың толықтығын бағалау.
6. Қорытынды.
Бұл бөлімде ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы қорытынды болуы керек.
7. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (есепте сілтемелер көрсетілуі қажет)
8. Жоба бойынша жарияланымдар тізімі.
9. Қосымшалар.